

*** Сабақтас
құрмалас сөйлем**

***Сабақтас құрмалас сөйлем** — құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен сабақтаса байланысқан құрмаластың түрі. Сабақтас құрмалас сөйлем құрамындағы алғашқы жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, екіншісіне бағына байланысады. Мысалы: Қасым төре түрегеліп, күміс қынды сапысын шешіп, Кенесарының алдына қойды (І.Есенберлин). Сабақтас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің бірі басыңқы келіп, негізгі ойды білдіреді, қалғандары бағыныңқы болады да басыңқыдағы ойды айқындап, іс-әрекеттің орындалу шартын, себебін, мақсатын, мезгілін, амалын, т.б. қатынастарды білдіреді

* Сабақтас құрмалас сөйлем мағынасына қарай түрі

* Сабақтас құрмалас сөйлем мағынасына қарай төмендегіше бөлінеді:

1. Шартты бағыныңқылы іс-әрекеттің орындалу шартын білдіреді, -са, -се жұрнағы арқылы жасалады.
2. Қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемде бағыныңқы сөйлем басыңқыдағы ойға қарама-қарсы мағыналық қатынаста болады. Мысалы, Май құйған шам сөнсе де, Шамшырақ сөнбес дүниеде. ([Жамбыл](#))
3. Себеп бағыныңқылы сабақтас;
 - Мысалы, Соны Ербол біліп қоймасын деп, Әзімбай әдейі үндемеді. ([М.Әуезов](#))
1. Мезгіл бағыныңқы сөйлемде бағыныңқы сөйлем басыңқыда айтылған ойдың мезгілін,
2. мақсат сабақтас құрмалас сөйлем мақсатын,
3. қимыл-сын бағыныңқы іс-әрекеттің қалай жүзеге асқандығын білдіреді.
4. Салыстырма бағыныңқылы сөйлемде оқиға бір-біріне салыстырыла, теңдестіріле беріледі. Мысалы, Басқалар қандай қуанса, ол да сондай қуанған еді ([Ә.Әбішев](#)).

* Сабақтас құрмалас сөйлем бағыныңқылы түрі

* Сабақтас құрмалас сөйлемның көп бағыныңқылы түрі де кездеседі, олар басыңқыға екі жағдайда қатысты болады:

1. Сабақтас құрмалас сөйлем құрамындағы көп бағыныңқылар бірыңғай келіп, бәрі өз бетімен бір басыңқыға бағынады (бірыңғай бағыныңқылы сабақтас);
2. Бағыныңқылар бір-біріне қатысты тізбектеледі де, бәрі жиналып бір басыңқыға бағынады (сатылы б

Шартты бағыныңқы

- Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің шарты болып келетін сабақтастың түрі.
- Са-се+**ж.ж.**–май-мей,-пай-пей,-бай-бей,-ғанда-генде ,қанда-кенде
- **Қайтсе? Не істесе?**
- **Қайткенде? Не еткенде?**
- Сабақ оқысаң, бес аласың.

Салалас

Сабақтас

